

ДӘУІР ТАРЛАНЫ



Тоғыз жылдан аса Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрі, Қазақстан Орталық Комитеті Оқу орындары бөлімінің меңгерушісі, Алматы облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, Орталық Комитеттің насихат бөлімі секторының меңгерушісі қызметтерін атқарған кісінің, әлбетте көргені мен түйгені мол. Ілияс Омаров, Әди Шәріпов пен Асқар Закарин, Қали Билялов пен Балжан Бөлтірікова, Кенжалы Айманов пен Санжар Жандосов, Абылқас Сағынов пен Өмірбек Жолдасбеков, Хайдар Арыстанбеков пен Жүнісбек Жұмабеков, Зейнулла Қожабеков сияқты білім-ғылым саласына аты мәлім қайраткерлердің қатарында Тұрғанбек Қатаевтың есімін ерекше құрметпен атайды көнекөз қариялар. Міне, осы тұлға туралы ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов пен ҚР ҰҒА академигі Кенжеғали Сағадиевтің және Олжас Сүлейменовтің ой-толғамдарын оқырманға ұсынып отырмыз.

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
ҚР ҰҒА академигі

БІЛІМ КӨШІНІҢ КӨРНЕКТІ БАСШЫСЫ

Мен естелік жазып отырған Тұрекең ағамыз – Тұрғанбек Қатаұлы өткен дәуірдің, советтік кезеңінің көрнекті мемлекет және партия қайраткерлерінің бірі еді. Өмір жолдарымыз көп уақыт бір-бірімізбен байланысып жатты. Тұрекең Алматы облыстық партия комитетінің идеология саласын басқаратын хатшысы болды, мен ол кезде Алматы халық шаруашылығы институтының партком хатшысы болдым. Ол кісі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің білім және ғылым

бөлімінің меңгерушісі болды. Кейін көптеген жылдар еліміздегі Жоғары білім беру министрі болды. Мен ол кезде жоғарыдағы аталған институттың оқу жұмысы жөнінде проректоры болып істедім. Сөйтіп, көп жылдар мен қызмет істеген салаларға Түрекең облыс және республика көлемінде басшылық етті. Алдына жиі барып жүрдік. Іскер басшылығын да, талқыланатын мәселені терең ойлауын да, оны шешудегі мемлекеттік деңгейін көріп, одан тәлім алатын уақыт молынан болды. Кейін осындай байланыстар бір-бірімізді жақсы түсініп, аға-інілік қарым-қатынасқа жалғасып кетті. Сүйген жары, Түрекеңнің өз сөзімен айтқанда, Бәкештің дастарханында сан рет бас қосып, көптеген жақсы күндерді бірге өткіздік.

Туған ауылы Әлиде сан рет болып, өскен өлкесі Алматы облысын, әсіресе, Қараойды бірге бірнеше рет араладық. Москваға поезбен үш күн жүріп, Бүкілодақтық жиналысқа бірге барғанымыз бар. Ол кісі зейнетке шығып, бос уақытының біразын да бізбен сұхбаттасуға бөліп тұрды. Міне, 35-40 жыл шамасында абзал ағамыз Түрекеңмен қарым-қатынасымыз осындай тығыз болды. «Ағаға қарап іні өседі» біздің де Түрекеңнен алған тәлім-тәрбиеміз, тоқығанымыз баршылық. Тұрғанбек Қатаұлы барынша парасаты мол азамат еді. Жасында қиыншылықты көп көрді, күнкөріс үшін анасы екеуі сонау Әлиден Алматыға жаяу талай рет сапар шеккенін айтып отыратын. Одан Отан соғысына қатысты, қан майданда төрт жыл толығынан болды, оның зардабын көрді. Кейін мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткенде осы жылдарын ұмытпай, сол кездегі халықтың жайын, көрген қиыншылықтарын, өзімен бірге болған адамдардың, туған-туысқандарының есімдерін еске алып, жақсы істерін зор ілтипатпен айтып отыратын. Осындай қиын өмірде шыңдалып, одан өшпестей сабақ алғандықтан болар, парасаты мол ағамыздың адами қасиеттері ерекше көрініп тұратын. Тағы бір таңқалатын жағдай – Тұрғанбек Қатаұлы білімі өте терең, ойшыл, сұңғыла, қоғамдық ғылымдардың көптеген салаларын жете меңгерген басшы еді. Жоғары оқу орнын, Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебін бітіргені рас, бірақ партия қайраткерлерінің, министрлердің ішінде Түрекеңдей терең білімі бар ойшылдар аз болатын. Талай күндер асықпай сұхбаттастық деп жоғарыда айттым. Сол кездерде қоғамдық қай мәселеге тоқталса да, Түрекең өте ауқымды, жан-жақты ойластырылған, өз тәжірибесі мен басқа халықтардың тәжірибесінен сарапталған терең маңызды пікірлер айтатын. Сырттай қарағанда, қарапайым азамат, Түрекең осындай терең білім иегері еді. «Түреке, Сізге осы партия қызметі мен министрліктің керегі не еді, уақытыңызды фәлсафаға бөлсеңіз мына дарындылығыңызбен, дайындығыңызбен Қазақстанда Кант немесе Фейербах дәрежесіндегі ғалым болатын едіңіз ғой», – деп қалжың айтқан кездерім де болды. Партия қызметінде де, министр дәрежесінде де Тұрғанбек Қатаұлы елімізде білімнің, әсіресе, жоғары білім жүйесінің дамып, өркендеуіне ширек ғасырға жуық атсалысты. Министрдің тікелей араласуымен Қазақстанның аймақтарында бірнеше жоғары оқу орындары ашылды, талай жақсы оқу

ғимараттары салынды, жас мамандарға сапалы білім берудің талай күрделі мәселелері көтеріліп, олар дұрыс шешімін тапты. Әсіресе, жоғары мектептегі ұстаздар қауымын қалыптастыруға, олардың білімін, ғылыми дәрежесін, ұстаздық тәжірибелерін шыңдауға министр Қатаевтың қосқан үлесі мол. Совет Одағының атақты білім-ғылым ордаларына Қазақстан азаматтары жиі-жиі жіберіліп, тиісті тәжірибе, озық үлгі алуға кеңінен жол ашылды. Кейін олар жоғары мектептің ұстаздар қауымын толықтырды. Бүгінгі жоғары мектептердің Қазақстандағы басшылары, жетекші ғалымдар мен ұстаздар сол кездің түлектері. Түрекең есімін олар зор құрметпен атайды. Көп жылдар білім көшін іскер де жемісті басқарған Тұрғанбек Қатаевтың есімі осы саланың тарихында мәңгі қаларында, оның орны өте жоғары екенінде ешкімнің күмәні жоқ. Көп жылдар жиі араласқан, ой-пікір бөліскен ағамыз ғой. Бойында кісілігі, сергектігі молынан көрініп тұратын. Жаны нәзік, өте сезімтал азамат еді. Сондықтан да болар, есейе келе махаббат қайығына мықтап отырып алды. Қызметтен айырылам, жұрт жаман ойлайды-ау, дегендер, ойына да кірген жоқ. Жаны сүйген Бәкешінің қолын сұрады, қалған барлық саналы өмірін сүйген жарымен бірге өткізді. «Өмірімнің гүлі – Бәкешім!» деп, әр уақытта айналып-толғанып отыратын. Бәкешіне арнаған жылы әзіл-қалжыңының, сүйіспеншілік сезімінің ешқашан таусылып, тіпті сәл-пәл азайғанын да ешқашан көрген емеспін. Өмірден Бәкешіне деген мәңгілік махаббаттың туын өте жоғары ұстап өтті. Бәкеш – Базаркүл жеңгеміз де шынайы махаббаттың иесі екенін көрсете де, ол үшін күресе де һәм қызмет істей де білді. Ағамыздың абыз жасына шаршамай, шалдықпай келуі де, өмірінің соңғы күніне дейін қолынан қаламы түспей, талай жақсы ой-сырларды қағаз жүзіне түсіруі де, Түрекең жақсы көретін жандарды оның жанына жиі жинауы да, Базаркүлдің ерекше еңбегі. Біздер, баршамыз, Бәкешке осы шынайы махаббаттың туын Түрекеңмен қоса көтеріп, ағамызға жақсы күндер, тамаша күтім, ләззатты өмір сыйлағаны үшін үлкен рахмет айтамыз. Базаркүл – бүгін үлкен әулеттің анасы. Жанында – Түрекеңнен тараған барлық ұрпақ, балалар. Мейірімді ана, қамқор болып Түрекең ұрпағына қызмет етіп жатыр. Өмірлеріне сәттілік тілейік! Жылдар өтер. Өмірге жаңа ұрпақтар келер. Заман өзгерер. Ол қазір де үлкен өзгеріс үстінде. XX ғасырдағы қоғам тіршілігі, ел ісіне араласқан азаматтардың есімі тарих қойнауына тереңірек кіреді. Дегенмен, біртуар жандардың, соның ішінде білім көшінің көрнекті басшыларының бірі болған Тұрғанбек Қатаев есімі ел есінде әрқашан да сақталады.

<http://www.writers.kz/journals/?ID=10&NUM=304&CURRENT=&ARTICLE=8110>